

ШҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№80 (3345), сенби,
4 октябрь, 2025 жыл

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР НЫҒАЮДА

Жабарланғандай, Олий Мажлис Заң шығару палатасының Спикері Н.Исмаилов басшылығындағы делегация ресми сапармен Пәкістан Ислам Республикасында болды. Сапар аясында Пәкістан Парламентінің Ұлттық Ассамблеясы Спикері Сардор Аяз Содық, Сенат Төрағасы Юсуф Риза Ғилони және Пенджаб облысы парламентінің басшылығымен кездесулер өткізілді.

Кездесулер барысында Заң шығару палатасының Спикері Пәкістан тарапына елімізде жүргізіліп жатқан демократиялық реформалар, жаңа редакциядағы Конституция, "Өзбекстан — 2030" стратегиясы аясында атқарылып жатқан іс-шаралар және шетелдік инвесторлар үшін жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы кең көлемде ақпарат берді.

Пәкістан Ұлттық Ассамблеясының Спикері Сардор Аяз Содық Өзбекстанды сенімді се-

ріктес ретінде бағалап, елімізде жүзеге асырылып жатқан реформаларға жоғары баға берді. Сонымен қатар Өзбекстан мен Пәкістан арасындағы жан-жақты қарым-қатынастар белсенді дамып келе жатқанын, бұл үдерісте Президент Шавкат Мирзиязев пен Пәкістан Премьер-министрі Шахбоз Шарифтің өзара сапарлары маңызды рөл атқарып отырғанын атап өтті.

Ұлттық Ассамблея Спикері Өзбекстан Президентінің баста-

масымен Ташкент — Исламабад — Ташкент және Ташкент — Лахор — Ташкент бағыттарында тікелей әуе қатынасының ашылуы екі ел халқы, әсіресе іскер топтар үшін үлкен қолайлылық туғызып отырғанын айтты.

Пәкістан Парламенті Сенатының Төрағасы Юсуф Ризо Ғилонимен кездесу барысында да соңғы жылдары мемлекет басшыларының бастамасымен жүргізіліп жатқан ашық, сындарлы және белсенді сыртқы саясат нәтижесінде Өзбекстан мен Пәкістан арасындағы қарым-қатынастар жаңа деңгейге көтерілгені ризашылықпен атап өтілді.

Юсуф Ризо Ғилони Премьер-министр Шахбоз Шарифтің билығы февральдағы Өзбекстанға жасаған тарихи сапары екіжақты қатынастарда жаңа кезеңнің басталуына себеп болғанын, осы сапар аясында ынтымақтастықты дамытуға негіз болатын бірнеше келісімдерге қол жеткізілгенін ризашылықпен атап өтті. Екі ел арасында қол қойылған

80-ге жуық келісімшарт-құқықтық құжаттар мен "Жол картасы" және келісімдердің министрліктер мен кеңселер тарапынан дер кезінде орындалуын бірлескен парламенттік бақылау аясында қадағалау туралы ұсынысты қолдады.

Делегация мүшелерінің Пенджаб облысы парламенті спикерінің міндетін атқарушы Иқбол Чаннармен кездесуі де өтті. Кездесу барысында тараптар парламентаралық байланыстарды аумақтық деңгейде де жандандыруға дайын екендерін білдірді.

Сапар аясында Пәкістан Ислам Республикасы Парламентінің Ұлттық Ассамблеясы мен Олий Мажлис Заң шығару палатасы арасындағы достық топтарының алғашқы жиналысы өтті. Онда жоғары деңгейдегі келісімдердің орындалуында парламентаралық достық топтары қызметін жандандыру, өзара сапарлармен алмасуды жалғастыру қажеттігі ерекше атап өтілді.

М.КОМИЛОВА,
ӨзА-ның тілшісі.



“БАРКАМОЛ АВЛОД БОЛАЛАРИ” ФЕСТИВАЛИ ӨТТИ

Некіс қаласындағы “Оққуш” кешенінде Өзбекстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 сентябрьдегі “Мектептен тыс білім іс-шаралары туралы” қаулысы аясында “Келешек орталықтарының” қызметіне арналған баспасөз конференциясы және “Баркамол авлод болалари” атты республикалық фестиваль өтті.

Шараға Қарақалпақстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігінің жауапты басшылары, аумақтардағы “Баркамол авлод” балалар мектептерінің директорлары мен қызметкерлері, дарынды оқушылар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шара барысында Қарақалпақстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі орынбасары Қ.Исмаилов Президентіміздің 2025 жылғы 8 сентябрьдегі “Мектептен тыс білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеру іс-шаралары туралы” қаулысы

және одан туындайтын міндеттер туралы кеңінен түсініктеме берді. Содан соң конференцияда Республикалық “Баркамол авлод” балалар мектебінің директоры Д.Казакова соңғы жылдары бұл мектептерде атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген жетістіктер туралы баяндама жасады.

Шарада журналистер министрлік өкілдеріне қазіргі таңда қоғамда қызығушылық тудырып отырған бірқатар мәселелер бойынша сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды.

Содан соң “Баркамол авлод болалари” республикалық фестивалі басталып, онда өткен оқу жылы бары-

сында өз бағыттары бойынша белсенділік танытқан үздік оқушылар, мектеп мұғалімдері мен директорлар ұйымдастырушылар тарапынан арнайы дипломмен, мақтау қағазымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

— Сабақтан бос уақытында Хожейлі ауданындағы “Баркамол авлод” балалар мектебінде ұйымдастырылған ұлттық қолөнер, корей тілі және IT үйірмелеріне қатысамын, — дейді фестиваль жеңімпаздарының бірі, Хожейлі ауданындағы №3 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Сабрина Мамадинова. — Бұл фестивальде ұлттық кестелеу бағыты бойынша бірінші орынды иелендім. Болашақта ұстаздарымнан алған білімді өмірде қолданып, елімізге қажет білікті маман болуға тырысамын. Шара “Баркамол авлод” балалар мектептерінің тәрбиеленушілері дайындаған концерттік бағдарламаға жалғасты.

Д.АБИБУЛЛАЕВ,
ӨзА-ның тілшісі.

ТРАНСПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЮДЕ

Елімізде теміржол, автокөлік тасымалы, әуе қатынасы және порт қызметтері саласындағы ынтымақтастықты дамыту арқылы кең экономикалық мүмкіндіктерге жол ашылууда.

Өзбекстан Республикасының көлік министрі Илхом Махаммов елімізге ресми сапармен келген Латвия Республикасының көлік министрі Атис Швинка басшылығындағы делегация өкілдерімен кездесу өткізді. Латвия теміржолдары, Рига, Лиелая және Вентспилс порттарының басшылары қатысуымен өткен кездесуде тараптар теміржол, автомобиль тасымалы, әуе қатынасы және порт қызметтері саласындағы ынтымақтастықтың болашағын талқылады.

Расында, бүгінгі таңда елдеріміз арасын-

дағы көлік саласындағы стратегиялық серіктестік пен өзара байланыстың он қарқынды байқалуда. Латвия Көлік министрі Атис Швинка Өзбекстанға алғашқы сапары екенін атап өтіп, бұл сапардың басты мақсаты — елімізбен көлік саласындағы ынтымақтастықты келесі деңгейге көтеру екенін айтты.

Сондай-ақ ол әуе рейстерінің санын көбейтуге, жүк тасымалы көлемін арттыруға және электрондық сауданы дамытуға қызығушылық білдірді.

Өзбекстан тарапы цифрлық көлік құжаттарына көшу, автокөлікпен жүк тасымалына арналған рұқсат бланкілерінің санын көбейту және транзиттік тасымалдар үшін рұқсатнамасыз жүйе енгізу мәселелерін көтерді.

Көлік министрі, атап айтқанда, Шығыс — Батыс және Оңтүстік бағыттар бойынша халықаралық көлік дәліздерін дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында ақпарат беріп, Латвия тарапын бұл көлік дәліздерінің әлеуетін арттыруда бірлесіп шаралар қарастыруға шақырды.

А.РУСТАМОВ,
ӨзА-ның тілшісі.

Мемлекеттік саясаттың өзегі — халық қауіпсіздігі

АДАЛДЫҚ ПЕН ӨЛШЕНЕДІ

Бүгінгі таңда елімізде халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын азайту мақсатында мемлекет тарапынан жүйелі әрі кешенді шаралар жүзеге асырылууда. Мемлекет басшысының бастамасымен соңғы жылдары азаматтық қорғаныс жүйесін жетілдіру, құтқару қызметтерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, мамандардың кәсіби даярлығын арттыру бағытында бірқатар маңызды реформалар іске асырылды.

Сонымен қатар жедел әрекет ету топтарының жұмыс алгоритмі де жетілдіріліп, апаттық-құтқару техникалары жаңартылуда. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу, олар жайлы халықты уақтылы ескерту және эвакуациялау, төтенше жағдай кезінде шұғыл көмек көрсету жүйесі біртіндеп халықаралық стандарттарға сәйкестендірілуде.

Бұдан тыс, білім беру мекемелерінде, кәсіпорындар мен ұйымдарда азаматтық қорғаныс және алғашқы медициналық көмек дағдыларын үйрету кеңінен жолға қойылды. Бұл ретте қоғамның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, әрбір азаматтың өзін және өзгені қорғау қабілетін арттыру — мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі ретінде айқындалған.

Мемлекеттің бұл бағыттағы табыс саясаты тек апатқа қарсы күреспен шектелмейді, сонымен қатар ұлттың қауіпсіздікке деген жалпы көзқарасын түбегейлі өзгертуге, азаматтардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Осы орайда, Аққорған ауданында ел қорғанысын, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын мамандардың кәсіби және рухани деңгейін көтеруге арналған кең ауқымды насихаттық шара өтті. Шараның басты мақсаты — азаматтардың, әсіресе жастардың санасына “Отанды қорғау — қасиетті әрі жауапкершілікті талап ететін борыш” екенін терең сіңіру.

Аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінде өткен жиынға қоғам белсенділері, сала мамандары

мен мемлекеттік ұйым өкілдері қатысты. Атап айтқанда, онда аудандық Халық депутаттары кеңесінің депутаты, аудандық Тарих және өлкетану мұражайының директоры А.Қурбанов, Аққорған аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Б.Абдувахобов, Республикалық руханият және ағарту орталығы аудандық бөлімінің басшысы У.Ботирова сөз сөйлеп, өз салалары бойынша пікірлерімен бөлісті.

Жиын барысында Төтенше жағдайлар қызметкерлерінің ел қауіпсіздігі жолындағы қызметі батырлықпен пара-пар екені ерекше атап өтілді. Құтқарушы болу — адам өмірін сақтап қалуға ұмтылатын, тәуекелге бел байлайтын нағыз ержүрек жандардың таңдауы. Олар үшін әрбір секунд, әрбір шешім — адам тағдыры. Сондықтан мұндай қызметті таңдаған жан — еліне, жеріне, халқына адал қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқаны сөзсіз.

Шара барысында аудан мектептерімен тығыз байланыс орнату, жас ұрпақ арасында патриоттық рухты нығайту, азаматтық қорғаныс бағытында ағартушылық жұмыстар жүргізу жайлы нақты жоспарлар бекітілді.

Ендігі кезекте құтқарушылар мен сала қызметкерлері оқу орындарында кездесулер өткізіп, жасөспірімдерге ел қорғаудың мән-маңызын, қауіп төнген кезде не істеу қажеттігін үйрететін болады.

Төтенше жағдайлар кезінде алдыңғы шепте жүрген жандар — біздің заманымыздың бейбіт күндегі батырлары. Олар табиғи апаттар, өрт, сел, су тасқыны, техногендік апаттар сияқты күрделі жағдайда өз бастарын қауіпке тігіп, өзгелерді құтқарады.

Қазіргі қоғамда қауіпсіздік саласына деген көзқарас өзгеріп, оған ерекше маңыз беріле бастады. Өйткені кез келген дамыған мемлекет, ең алдымен, азаматтарының амандығы мен қорғалуын бірінші орынға қояды. Осы тұрғыдан алғанда, Төтенше жағдайлар қызметкерлерінің рөлі орасан зор.

Уақыт пен заман қанша өзгерсе де, Отанға адал қызмет ету — ешқашан мәнін жоғалтпайтын, керісінше, жылдан жылға маңызды артып келе жатқан ұлы ұғым. Құтқарушылардың күнделікті күрделі қызметі — адам өміріне араша түсудің, қауіп-қатердің ортасында жүріп, қоғамның тыныштығын сақтау жолында өз өмірін тәуекелге тігудің көрінісі.

Бүгінгі бейбіт өміріміздің әрбір сәтінде олардың жанкешті еңбегі жатыр. Олар дауылдан да, оттан да, судан да тайсалмай, ел мен жерге адалдық танытып келеді. Осы тұрғыда елімізде өткізіліп жатқан насихаттық және тәрбиелік бағыттағы шаралар — болашақтың қауіпсіздігін ойлаған кемелгерлік қадам. Мұндай шаралар арқылы ұрпақ бойына елжандылықты сіңіруге, оларды отансүйгіш, парасатты, жауапкершілігі жоғары тұлға етіп тәрбиелеуге болады.

Отанның әрбір азаматы мықты елдің тірегі, бейбіт өмірдің қорғаушысы болуы тиіс. Өйткені Отан — әр жүректе, оны қорғау — әр жүректен басталады.

Е.АБДУРАХЫМҒҰЛЫ

КҮНБАҒЫС АЛАҢЫ

Халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығында жоғары табысты бағыттарды дамыту және экспортқа шығарылатын өнімдерді өсіру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Осы мақсатта күнбағыс дақылдары стратегиялық маңызға ие болып, ішкі базарды маймен қамтамасыз етуде ғана емес, жаңа жұмыс орындарын құруда және экспорттық әлеуетті арттыруда да маңызды рөл атқарады.

Күнбағыс (*Helianthus annuus*) — негізін май үшін өсірілетін, сондай-ақ сүрлем, тұқым, май қалдықтары (коспа) тағы басқа да өнімдердің көзі ретінде кеңінен қолданылатын өсімдік. Оның тұқымы 35-55% май сақтайды және жоғары сапалы өсімдік майын өндіру үшін негізгі шикізат болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Одан алынатын май халықтың күнделікті тамақтану рационында маңызды орын алады. Күнбағыс майы мен тұқымдары әлемдік нарықта жоғары сұранысқа ие өнімдер қатарына кіреді. Шөлейттенуге қарсы күресте де тиімді. Күнбағыс құрғақшылыққа төзімді. Ауыл шаруашылығында айналымдық дақыл ретінде қолданылады. Ол топырақты эрозиядан қорғайды және кейбір ауруларға қарсы профилактикалық маңызға ие.

Соңғы жылдары Науаи облысының Наубахар ауданында күнбағыс өсіруге көңіл бөлінуде. 2023-2025 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы саласындағы даму бағдарламаларында күнбағыс өсіру алаңдарын кеңейту көзделген. Заманауи ташымалы суару және механикаландырылған өсіру әдістері енгізілуде.

2025 жылы аудан бойынша 3 мың гектардан астам жерге күнбағыс егілді және бұл көлем жылдан жылға артып келеді. Күнбағыс орташа есеппен 1 гектардан 1,5-2 тонна тұқым береді. Оның тазартыл-

ған тұқымы мен майы базарда қымбат бағаланады. Бұл фермерлер мен дикандар үшін жоғары табыс көзі болып саналады.

Тұқымды өңдеу, сақтау, тасымалдау және сату үдерістерінде көптеген адамдар жұмыс істейді. Өңдеу өнеркәсібін дамытады. Күнбағыстан тек май ғана емес, сонымен қатар коспа, протеинді тағам, косметикалық құралдар да дайындалады.

Күнбағыс өсіру ауыл шаруашылығын әртарапандыруда, халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде және елдің экспорттық әлеуетін арттыруда үлкен маңызға ие. Ол үшін озық агротехнологиялар, суару жүйелерін жаңғырту және кәсіпкерлерді қолдау қажет. Күнбағыс — топырақ қана емес, экономика үшін де құнды байлық көзі саналады.

Наубахар ауданының негізгі жол жүйелерінде егілген күнбағыс алқаптары бүгінде селфи алаңдарына айналды. Өз мақсаттарына бет алған жалаушылар бір сәтке түсіп, осы сулу көріністен ләззат алып, естелік ретінде суретке түсуде. Егілген күнбағыстар аудандығы май өндіру зауытын өніммен қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Э.БАБАНАЗАРОВ,
Наубахар ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінің басшысы.

Депутат пікірі

КӘСІПҚОЙ БОЛУ МАҢЫЗДЫ

Ұлттық статистика комитетінің мәліметінше, биыл 14-30 жас аралығындағы жастардың саны 9,5 миллионнан асты. Бұл халықтың 25 пайыздан астамы осы жас тобында деген сөз. Жастардың көптігі проблема емес, мүмкіндік, жоғары адами капитал ретінде қарап, олардың білім алуына, әсіресе, кәсіби өсуіне жан-жақты қолдау-қуаттау стратегиялық мәселеге айналды.

Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен мектепке дейінгі және мектептегі білім беру саласындағы реформаларды жүзеге асыру және алдағы басымдықтарға арналған бейнеконференция осы тұрғыдан маңызды.

Жиында жауаптыларға облыс пен аудан әкімдерімен бірлесіп, биылғы жылы 598 техникумға халқаралық стандарт бойынша оқу орнында Прези-

дент және мамандандырылған оқу орындарында жинақталған тәжірибені негізге ала отырып, заманауи кәсіби оқыту ортасын енгізу тапсырылды.

Кәсіби болу, еңбек ету — адамның сәні. Бұл әсіресе есейіп, үлкен өмірге кіріп келе жатқан жастар үшін өте маңызды. Сондықтан да ата-бабаларымыз балаларының өнерді немесе пайдалы кәсіпті меңгеруіне үлкен мән берген.

Жастар колөнермен айналыспа, қалаған кәсібін кіріспесе, махаллаға, сіңісіп кетуге, өмірде қиындықтарға кезігеді. Жастар қаншалықты кәсіби, білікті болса, соғұрлым елдің көркеюі, халқы мен ұлты биіктей түседі.

Перзенттерін білімді, өнерлі етіп тәрбиелеу — халқымызға тән дәстүр. Біздің өмір салтымызда ғылым мен өнердің ұлықталуы тегін емес. Бір ғұламаның “Алтыны, күмісі жоқ кедей емес, кәсіби жоқ кедей” деген сөзінде үлкен мән жатыр.

Елімізде отбасылардағы кедейшілікті азайту және жас ұрпақтың әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыруда бүгіннен бастап еске келе жатқан жастарды кәсіби маман етіп шығарудағы жүйелі көзқарастың маңызы зор.

Сондықтан тиісті министрліктер, кенселер, әкімдіктер бұл іске үлкен жауапкершілікпен қарауы қажет.

9-сыныпты аяқтаған бала кәсіпке көмелеттік жасқа жетіп, өмірдің тылсым сырларына қызығып, жігері мен ынта-ықыласына бөленді делік. Осы кезде жастарды кәсіпке баулу, дұрыс жолға салу олардың болашағына оң ықпалын тигізеді. Керісінше, оларды елемей, өз еркімен қалдыру жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Мойындау керек, қазірдің өзінде жастар үшін үлкен ресурстар, жағдайлар, мүмкіндіктер бар. Алайда, оларды дұрыс жолға салу үшін үлкен ресурстар, жағдайлар, мүмкіндіктер бар. Алайда, оларды дұрыс жолға салу үшін үлкен ресурстар, жағдайлар, мүмкіндіктер бар.

Осы мақсатта кәсіптік білім беру мен оқыту жүйесін басқару және әдістемелік үйлестіру үшін Кәсіптік білім беру агенттігін құру туралы шешім қабыл-

данды. Бұл агенттік бұл салада бірінші мемлекеттік саясатты жүзеге асырмақ.

Енді ол жастарды кәсіптік-техникалық біліммен қамту, кәсіптер мен мамандықтардың біліктілік деңгейлері, оқу мерзімі, түлектердің білімін бағалау тәртібі сияқты ұйымдастыру-әдістемелік сипаттарды реттейтін және бақылайтын мекеме болмақ.

Халықтық демократиялық партия жастардың білімді болуына, кәсіби білімі мен біліктілігін арттыруға, болашақта лайықты өмір жолын таңдауға септігін тигізетін бастамаларды қолдап-қуаттап, оны жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ететін болады.

Жастарды кәсіпқой етіп өсіру жолындағы игілікті істің мақсаты да айқын: әлемдік және жергілікті еңбек базарының талаптарына сай кадрлар даярлау арқылы ұл-қыздарымыздың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, олардың қоғам мен өмірден өз орнын табуға көмектесу.

У.ИНОЯТОВ,
Олий Мажлис Заң шығару палатасы ӨзХДП фракциясының басшысы.

Өнегелі өмір

АХАНГАРАННЫҢ АДАЛ ПЕРЗЕНТІ

Тамаша жан, шебер ұйымдастырушы, ауыл шаруашылығының терең білгірі, Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері, Ахангаран перзенті Соғломбек Балашовтың биыл 28 августа көршілес Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласында кенеттен қайтыс болғанын естіп, қайғыға баттық.

Соғломбек Балашов 1946 жылғы 20 сентябрьде сол кездегі Ахангаран ауданының Соғлом ауылындағы қарапайым дикан отбасында дүниеге келді. Әкесі Балашов осы ауылға деген шексіз сүйіспеншілігінен бала-сына Соғломбек деп ата қойыпты. Балашов ата шын мәнінде дикан емес пе, тағдырдың жазуымен оның отбасы Ахангаран ауданының Байтөп ауылына көшіп келіп, мал шаруашылығымен айналысты. Ол қайғылы оқиғадан қаза тапқанда, Соғломбек төрт жасқа жана толған еді. Жетімдіктің ауыр күндері басталды. Табиғатынан зерек, еңбекқор Соғломбектің далада мал бағып жүргенде де қолынан кітап түспейтін.

Бешкападағы толық емес мектептің бірінші сыныбына 1952 жылы оқуға барған Соғломбек 1963 жылы орта мектептің үздік бағамен бітіріп, совхозда қарапайым шопандықты еңбек жолын бастады, жоғары оқу орнына түсуге отбасындағы жағдай мүмкіндік бермеді. Дегенмен ол білім алуға ұмтылды, осы мақсатта Шыназдағы ветеринарлық техникумға оқуға түсті. Үш жыл бойы шопан таяғын ұстаған Соғломбек техникумды бітірген соң, 1966 жылы 1 июль айынан өзі тұратын аймақтағы “Ахангаран” совхозында ветеринар-техник бо-

лып жұмыс істей бастады. Жұмыстан қол үзбей жүріп, ол Самарканд ветеринарлық институтын да табысты аяқтады. 1981 жылы табанда, білімді, бастамашыл бас зоотехник Балашовтың Сабыр Рахимов атындағы совхозға директор етіп тағайындалды. 1985 жылғы Соғломбекті бірнеше жылдан бері артта қалған Ворошилов атындағы совхозға директор етіп жіберді. Міне, осы жылдарда Балашов басқарған шаруашылықтар аудандағы ең алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың біріне айналды.

Ахангаран ауданында 1990 жылғы март айында өткен Аудандық Кеңестің сессиясында аудандық Кеңес төрағалығына үміткерлер талқыланды. Кандидаттар да кездесіп емес еді, бірақ Балашовтың жақсы білетін депутаты Ахангаран аудандық Кеңесінің төрағалығына Соғломбек Балашовтың кандидатурасын мақұлдады.

Сол жылы өткен Ахангаран аудандық партокмның есеп беру-сайлау конференциясында Соғломбек Балашов баламалы түрде Ахангаран аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды, сөйтіп өз жұмысына құлшына кірісті. Ол жылдар өте қиын жылдар болды. Бұрынғы кенестің Балтық бойы елде-



Соғломбек Балашовтың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде көп ұзамай ауданның елді мекендерін газдандыру жұмыстары қызу басталып кетті. Бірлік және Қызыл айылдық азаматтар жиыны аумағында 420 оқушыға арналған мектептердің жаңа ғимараты, “Алмалық” қосалқы шаруашылығында фельдшерлік бөлімше, Нурабад қорғаны Телов ауылымен байланыстыратын көпір және басқа да көптеген құрылыстар аяқталып пайдалануға берілді. Соғлом аға ұзақ жылдар бойы Сусам ауылындағы зират аумағын абаттандыруға көңіл бөліп, “Алтын мұра” облыстық қорымен ақылдаса отырып, “Пайғамбар ата” зиярат орнын құру жұмыстарына басшылық етіп, демеушілік жасап, өзінен бір ұлы және сауапты іс қалдырды. Кейіннен ол өзі бұрын басқарған Сабыр Рахимов атындағы совхозда жемісті еңбек етіп, игі істерін жалғастырды.

рінде әртүрлі митингтер басталды, ешкім іс жүзінде жұмыс істегісі келмеді.

1991 жылдың 31 августында Өзбекстан тәуелсіздігі жарияланған күнді Соғломбек Балашов қуанышпен қарсы алып, жұмыс істеудің нағыз уақыты келгенін терең сезініп, іс жүзінде істерге кірісті. Ол кезде Ахангаран ауданы нашар жағдайға түскен, шаруашылықтар жылдық жоспарларын мүлдем орындамаған, жолдардың тозығы жеткен және ауданның дерлік барлық ауылдарына газ жетпеген еді.

1992 жылы Ахангаран аудандық Кеңесінің VIII сессиясында Соғломбек Балашов Ахангаран ауданының бірінші әкімі болып сайланды. Ол аудандағы өзекті мәселелер туралы жоғары мемлекеттік ұйымдарға хаттар жазып, өтініштермен, жаңа бастамалармен шықты. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде 1992 жылы Ахангаран ауданында 1993-1995 жылдары әлеуметтік-экономикалық даму және тұрғын үйлерді газдандыру мәселесі талқыланып, Министрлер Кабинетінің арнайы қаулысы қабылданды.

Бұл Ахангаран ауданы тұрғындарының шексіз қуанышына себеп болды.

Өлия ӨБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

БІЛІМ — БАСТЫ КАПИТАЛ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттың да, мемлекеттің де басты байлығы — табиғи ресурстар немесе қаржылық активтер емес, білімді адам екені айқындала түсті. Білім мен ғылымға салынған әр инвестиция елдің экономикалық қуатын ғана емес, рухани әлеуетін де арттырады. Жеке деңгейде білімнің құны аса жоғары. Бүгінгі еңбек базары үздіксіз жаңарып, жаңа мамандықтар пайда болуда. Жас ұрпақтың өмір бойы оқуға бейімделуі — олардың тұрақты жұмыспен қамтылуының, әлеуметтік мәртебесінің кепілі. Білім алған тұлға сыни ойлау, технологияны игеру, жаңашылдыққа ұмтылу қабілеттерін қалыптастырады.

Мемлекеттік деңгейде білімнің стратегиялық рөлі ерекше. Елімізде соңғы жылдары білім беру жүйесін жаңғыртуға айрықша көңіл бөліп келеді. Университеттердің академиялық ұтқырлық бағдарламалары, халықаралық ғылыми жобалар, цифрлық білім платформалары — осының айғағы. Бұл үрдістер аймақтық тұрақтылықты, экономикалық әртараптандыруды және инновациялық дамуды қамтамасыз етеді. Халық даналығында “Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар” деген сөз бар. Шын мәнінде, табиғи байлық сарқылуы мүмкін, ал білім — сарқылмайтын капитал. Сол себепті әр отбасы, әр оқу орны, әр мемлекет ең алдымен сапалы білім беруге күш салуы тиіс. Білім — тек жеке жетістікке апаратын жол емес, ұлттың өркендеуінің негізгі өзегі. Болашағы жарқын ел — мектеп партасынан бастап ғылымның шыңына дейінгі сапалы білімге ұмтылған ел.

Ихтияр ЖОЛДАСОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеттің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

емес, әрбір азаматтың қатысуы маңызды. Бұл үдерісте ата-аналар, мұғалімдер, жастар, белсенділер мен БАҚ өкілдері белсенді болуы керек. Өйткені тек ұжымдық әрекет арқылы әділ, заңды және адамилық тұрғыдан дамыған қоғам құруға болады. Қорытындылай келе, Кенимех ауданында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары — бұл тек құқықтық құжат емес, сонымен қатар қоғамда сенім, әділдік және заңдылық қағидаттарын нығайтуға бағытталған берік негіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — бұл заңды талап қана емес, әрбір адамның рухани борышы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі.

Гүлдана НАРЫНБЕТОВА,
Кенимех ауданы әкімі кеңесшісі, коррупцияға қарсы ішкі бақылау қызметін жүргізу, жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелілігін мониторингілеу және бақылау, есеп жүргізу бойынша маман.

Білім беру саласы

ЖҮЙЕЛІ ТӘРТІП ПЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Бүгін Жаңа Өзбекстан өмірінің барлық салалары терең реформалар алаңына айналған. Бұл үдерісте әлеуметтік саланың негізгі саналатын білім беру жүйесіндегі өзгерістер, еліміздегі соңғы жылдары білім берудің барлық басқыштарын заманалық талаптар негізінде ұйымдастыру бойынша іс жүзіндегі істер шешуші басқышқа өтті.

Білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан реформалардың негізгі бөлігін, әрине жоғары білім беру жүйесіндегі реформалар құрайды. Елімізде жоғары білім беруді жүйелі реформалаудың үстем міндеттерін белгілеу, еркін пікірлейтін жоғары білікті кадрлар даярлау үдерісін сапа жағынан жаңа басқышқа көтеру, жоғары білім беруді жаңғырту, озық білім беру технологияларына негізделген жағдайда әлеуметтік сала экономиканың салаларын дамыту мақсатында мемлекет басшысының Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту Концепциясы саладағы жаңа реформалар үшін кіріспе міндетін атқаруда.

Осы құжатқа интеллектуалды өркендетті жеделдету, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау, ғылыми және инновациялық қызметті нәтижелі ұйымдастыру, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында ғылым, білім және өндірістік интеграцияны дамыту сияқты міндеттер негіз етіп алынған. Сондай-ақ құжаттың мазмұны еліміздің жоғары білім беру жүйесін реформалаудың үстем бағытарын бейнелейді. Онда жоғары оқу орындарында қамту деңгейін кеңейту, сондай-ақ білім берудің сапасын арттыру, цифрлы технологиялар мен білім берудің платформаларын енгізу, жастарды ғылыми қызметке жұмылдыру, инновациялық құрылымдарды қалыптастыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру, сондай-ақ басқа да көптеген бағыттар белгіленген. Бұлардың бәрі білім беру үдерісін жаңа сапаға көтеру үшін қызмет етеді.

Ақпарат технологиялар ғасыры деп аталатын XXI ғасырда өмірдің барлық саласында — өндірістік, құрылыс, химия, ауыл шаруашылығы, тоқымашылық, машинажасау, тағы басқа да салаларда жоғары өркеніеттің пайда болуы үшін ғылым-білімді дамыту, бұл орайда жаңалықтар ашу өмірлік қажеттілікке айналды. Бұл үдеріс алдағы уақытта өркеніет жолын ұстанған барлық мемлекетте тілге алынууда. Республикамызда да осы үдеріске баса назар аударылууда.

Қорыта айтқанда, білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан болашақты міндеттер, өзінің көкейтесті және іс жүзіндегі маңыздылығымен басқа салалардағы реформалардан қалыспайды. Себебі білім беру саласындағы реформаларды одан әрі ауқымды түрде жалғастыру заман талабы.

Г.АЛЕКСЕЙ,
ШМПУ-дің Гуманитарлық пәндер факультеті, тарих кафедрасының доценті.

Байқау

МҮСІНШІЛІК СИМПОЗИУМЫ

Мемлекетті, халықты, ұлтты әлемге паш ететін өнердің түрі көп. Адам қолымен жасалған өдемі өрі қайталанбас туындылардың басқалардан ерекшелігі сол, өнер туындысында көрініс тапқан ұлттық құндылықтарда жатады. Сондықтан да халықтың ұлттық болмыс-бітімін шығармашыл өкілдерін қолдау-қуаттау, оларға мүмкіндік беріп, ынталандырудың маңызы жоғары.



Үстіміздегі жылы өтетін IV Халықаралық мүсіншілік симпозиумы қарсаңында Көркем шығармашылдар бірлестігінің конференциялары залында арнайы кездесуі, сондай-ақ симпозиумға жіберілетін жобалардың тұсауымен бірге мән талқылауы өтті.

Шарада шығармашыл авторлардың еңбегі, олардың көркемдік шеберліктері мен шығармашылық жанаңсуы жөнінде пікір айтылды. Онда Экология, қоршаған ортаны қорғау және климат өзгеруі министрі А.Абдухалимов қатысып, мүсіншілердің шығармашылық істерімен танысып шықты.

Айта кетерлік жайт, Өзбекстанда тұңғыш рет халықаралық мүсіншілік симпозиумы 2022 жылдың 10 августынан 10 сентябріне дейін Самарканд қаласында, Шанхай ынтымақтастық ұйымдарына мүше елдердің саммиті аясында өткізілген болатын. Оған сол кезде 14 мүсінші қатысқан болатын, оның 7-і ше-

телдік, ал қалғаны өзбекстандық мүсін өнерінің өкілдері еді.

Үстіміздегі жылы да атылмыш беделді симпозиумын ұйымдастырылуы және жоғары деңгейде өтуі жоспарланған.

Шара Өзбекстан Республикасы Экология, қоршаған ортаны қорғау және климат өзгеруі министрінің ынтымақтастығында ұйымдастырылууда. Үстіміздегі жылдың 9 сентябрінде алдағы өтетін симпозиум аясында ұсынылған 300-ге жуық жоба қаралды. Байқауға әлемнің 53 мемлекетінен, жалпы 178 мүсінші өз жобаларымен қатысу үшін өтініш жасаған.

Жалпы айтқанда, алдағы уақытта өтуі жоспарланып отырған мүсіншілік симпозиумы тек мүсіншілердің шеберлігі мен дарынын жүзеге шығаратын шара болып қана қоймай, еліміздің беделіне әлемге әйгілі өтетін өнер ортасы болатын анық.

Г.ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ

Жер-жерлерде

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАТАҢ КҮРЕС ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Сыбайлас жемқорлық — қоғамның дамуына және мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіретін ең қауіпті дерттердің бірі. Ол ел экономикасына зиян келтіруі, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімсіздігін тудыруы және заңның үстемдігіне нұқсан келтіруімен қауіпті. Сондықтан елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде белгіленген.

Кенимех ауданында да бұл бағытта қатаң және жүйелі шаралар қабылданып жатқаны, 2025 жылға арналған “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарында” көрініс тапқан. Бұл құжат мемлекеттік органдардың қызметінде ашық-

тықты қамтамасыз етуді, қоғамдық бақылауды күшейтуді және алдын алу шараларының тиімділігін арттыруды көздейді.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, аудандағы барлық жалпы білім беру мекемелерінде әдеп кодексі енгізілуде. Бұл, ең алды-

мен, мұғалімдер мен оқушылар арасында өзара құрмет, жауапкершілік пен адалдықты орнатуға қызмет етеді. Сонымен қатар, Face ID арқылы кіру-шығуды бақылау жүйесін енгізу мектептерде ашық орта құруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Аудан аумағында мемлекеттік қызмет көрсету үдерістеріне заманауи ақпараттық технологиялар енгізілуде. Атап айтқанда, электронды кезек пен бағалау жүйесін енгізу, азаматтардың пікірін білу, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың маңызды құралына айналуда. Бұл үдеріске жұртшылықтың қатысуын кеңейту, азаматтардың пікірлері мен ұсы-

ныстарын ескеру негізгі критерий ретінде белгіленген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау — нәтиже мен жауапкершілік факторы. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек шектеу шараларымен ғана шектелмейді. Мемлекеттік органдар мен мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау, оларды жоюдың тиімді механизмдері әзірленуде. Ең бастысы, ұйымдардың есеп беру жүйесі жетілдіріліп, жауапты тұлғалардың жауапкершілігі нақты белгіленуде. Бұл іс-әрекетте ашықтық пен есеп беруді қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресте тек ресми мекемелердің ғана

Мемлекеттік реформа — іс жүзінде

АДАМ ҚАДІРІНЕ ДЕГЕН ЖАҢАША ЖАНАСУ

Соңғы жылдары елімізде қоғам өмірін түбегейлі жақсартуға бағытталған тарихи реформалар жүзеге асуда. Президент Шавкат Мирзияевтың бастамасымен “Жаңа Өзбекстан” концепциясы ұлттық даму парадигмасына айналды.

Бұл бағытта қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен жүйелі реформалар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, әлеуметтік әділеттілік орнатуға, ең бастысы, ешбір азаматты на- зардан тыс қалдырмауға бағыт- талған.

Атап айтар болсақ, “Кембағал- дыққа қарсы күрес” ұлттық стра- тегиясы аясында әрбір аумақта халықтың нақты табыс көздерін арттыру, кәсіппен айналысуға жағдай жасау жұмыстары жүріп жатыр, әлеуметтік қорғалмаған отбасыларға арналған мақсатты көмектер, соның ішінде субси- дия, тегін кәсіби оқыту, шағын несие беру жүйесі жолға қойыл- ды, “Махаллабай” жұмыс әдісі не- гізінде әрбір отбасының әлеумет- тік жағдайы жіті зерттеліп, жеке- лей жұмыс жүргізілуде, сондай- ақ жастарға арналған бағдарла-

малар — “Жастар дәптері”, “Те- мір дәптер”, “Әйелдер дәптері” арқылы нақты қолдаулар көрсеті- луде.

Мұның бәрі азаматтың мемле- кетті сезінуіне, өзінің құндылығын тануына, қоғамға сенуіне бағыт- талған. Елімізде бұл ұстаным “Адам қадірі үшін” деген қарапай- ым, бірақ терең мәні бар сөзбен айқын көрініс табуда.

Осындай кең ауқымды саясат- тың нақты көрінісі ретінде жуыр- да Ташкент облысының Аққор- ған ауданында өткен “Үш ұрпақ” атты әлеуметтік-рухани кездесу ерекше мәнге ие болды.

Шара аудан әкімдігі, “Нуро- ний” қорының аудандық бөлімі, Руханият және ағарту орталығы, “Тарих және өлкетану мұра- жайы”, Ақпараттық кітапхана ор- талығы, тағы басқа да мекеме- лердің бірлесіп ұйымдастыруы-

мен “Гулистан” махалласындағы арнайы мектепте өтті.

Кездесудің басты мақсаты — еліміздегі реформалардың халыққа жеткізілуі ғана емес, олар- дың өмірмен біте қайнасып жат- қанын көрсету, әсіресе әлеумет- тік ауыр жағдайдағы топтарға көрсетіліп жатқан нақты көмекті таныту болды.

Аға ұрпақ — тарих пен тәрбие иесі, орта буын — қоғамның бел- сенді тірегі, ал жастар — бола- шақтың көзі. Осы үш топтың диалогы қоғамдағы рухани және әлеуметтік үйлесімділіктің негізі екені даусыз.

— Президентіміз атап өткен- дей, реформалар бөлмеде емес, халықтың ортасында жа- салуы керек. Бүгін біз осы ұста- нымды орындап жатырмыз. Адам қадірі — кез келген баста- маның өлшемі болуға тиіс, — деді Республикалық жұмысшы топтың өкілі, “Нуроний” қорының қызметкері Улұғбек Рахматов.

Басқосу барысында аудан аумағында тұратын тұрмысы төмен бірнеше отбасыға асуй жабдықтары — газ плитасы, шөйнек, пеш, ыдыс-аяқтар сын- ды күнделікті тұрмысқа қажет құралдар таратылды. Мұндай

акция — рәміздік жәрдем ғана емес, нақты тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі көмектің бір бөлшегі десек, артық айтқандық болмас.

Сонымен қатар отбасы мүше- леріне әлеуметтік қызметке жүгі- ну тәртібі түсіндіріліп, маңызды мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпараттық парақша- лар таратылды.

Шараның тағы бір мазмұнды бөлігі, мәдени бағдарлама бол- ды. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары ұлттық әндер орын- дап, жас өрендер патриоттық өлең оқып, кішкентай оқушылар- дан құралған театр тобы қысқа- ша сахналық қойылым ұсынды.

“Адам қадірі үшін” ұстанымы — әрбір азаматтың өмірін жеңіл- дету, қоғамдағы орнын табуға көмектесу, қамқорлықта екенін сезіндіру.

Аққорғандағы кездесу — осы реформалардың қағаздығы жо- лар болумен қатар, өмірдегі көрініс екенін айқындаған біре- гей мысал болды.

Иә, еліміздің жаңа даму дәуі- рінде экономикалық өсім мен саяси тұрақтылықпен қатар, ру- хани-адамгершілік бағыттағы реформалар да кең өріс алуда. Бұл қоғамның сана денгейін көтеруге, ұрпақ болашағына жол ашуға негізделген тын бастама.

Мұндай кездесулер елімізде жүріп жатқан терең өзгеріс- тердің нақты әрі адамға бағыт- талған үлгісі.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Маман кеңесі

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ — ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Тамақтану — адамның өмірлік қажеттілігі. Азық-түлік, дәруменге бай, құнарлы болып, тамақтану режимі дұрыс пайдаланылса ағза және тетік болады. Адам денсаулығы 70 пайыз тамақтануға байланысты.



Созылмалы жұқпалы аурулардың көпшілігінің себебі де құнарлы тағам болып табылады, сондықтан оны олардың алдын алу және құтылу үшін пайдалануға болады.

Қандағы холестериннің жоғарылауы, семіздік, ка- риес, 2 типті қант диабеті, липидтер алмасуының бұзылуы, гипертония, іш қату — бұл дұрыс тамақтанбаудан туындаған “өркениет аурулары” деп атала- тындардың толық емес тізімі.

Салауатты тамақтану және салауатты өмір салты, оған жеткілікті физиологиялық белсенділік, спорт, стресстен аулақ болу және оны жеңу, темекі шегу мен алкогольден бас тарту арқылы болатын аурулардың алдын алуға, денсаулықты сақтауға, әдемі, сымбатты және жас болуға болады.

Физиологиялық және рухани белсенді болыңыз. Рационалды тамақтану қалыпты өсу мен дамуың, денсаулықты сақтау мен нығайтудың, жоғары өнімділікті қамтамасыз етудің, орташа өмір сүру ұзақтығын арттырудың негізі саналады.

Бұрыс тамақтану ағзадағы зат алмасудың бұзылуына, түрлі дене жүйелерінің функционалды жағдайының бұзылуына әкеледі, бұл асқазан-ішек ауруларына, гиповитаминозға және авитаминозға әкеледі. 200-ден астам ауру тамақ арқылы беріледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын дүние жүзінде диареялық аурулардың салдарынан 1,8 миллион адам өледі, олардың көпшілігі ластанған тамақ пен сумен байланысты.

Көптеген адамдар әлі күнге дейін не жеу керектігін білмейді және дұрыс, пайдалы тамақтану өте қиын деп ойлайды. Дұрыс тамақтану — денсаулықтың негізі, ол ағзаның әртүрлі қолайсыз сыртқы орта әсерлеріне төзімділігін арттырады. Біз тұтынатын тағам — бұл дене физиологиялық күш салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тыныштықта да тұтынатын энергия көзі.

Дұрыс тамақтану жүрек- тамыр жүйесі мен асқазан- ішек жолдарының аурула- рының, қант диабетінің, остеопороздың және қатерлі ісік ауруларының алдын алу, қоршаған ортаның зиянды факторларына жақсы төзімділік, дененің жоғары физиологиялық өнімділігі, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет.

Дұрыс тамақтанудың 4 ережесі:

1. Диетаны сақтау, атап айтқанда, күніне 4 рет тамақтану, тамақтану ара- сындағы аралық 4-5 сағат болып, тамақ бір уақытта болуы керек. Дұрыс тамақтану соңғы тамақтың (кешкі ас) ұйқыға дейін 2 сағаттан аспайтынын білдіреді.

Диетаның жеткілікті калориялылығы, ал тұтыныла-

тың калория мөлшері жы- нысына, жасына, жеке физиологиялық ерекшеліктеріне, өмір салтына, белгілі бір адамның жұмысының сипатына байланысты энергия шығындарын жабуы тиіс.

Тағам компоненттерінің дұрыс қатынасы.

4. тағам ағзаның аминқышқылдарына, полиқа- нықпаған май қышқылдарына, дәрумендерге, микроэлементтерге, минералдарға, суға деген қажеттілігін қанағаттандыруы керек.

Күрделі физиологиялық күш салудан кейін бірден тамақ жеуге болмайды: спортпен айналысу, ауыр физиологиялық жұмыс, гипотермия немесе дененің қызып кетуі, сондай-ақ күшті эмоциялардан кейін.

Әрбір тағамды шикі көкөністерден немесе же- містерден бастау керек, олар ас қорыту бездерін, асқазан-ішек жолдарының моторикасын ынталандырады және ішек микрофлорасының қалыпқа келуіне ықпал етеді.

Термиялық өңделген тағаммен бірге шикі көкөніс- тер мен жемістерді тұты- нуға болмайды, олар ішек- те ыдырау және ашыту үде- рістеріне ықпал етеді. Өте әсерлеріне төзімділігін арттырады. Біз тұтынатын тағам — бұл дене физиологиялық күш салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тыныштықта да тұтынатын энергия көзі.

Дұрыс тамақтану жүрек- тамыр жүйесі мен асқазан- ішек жолдарының аурула- рының, қант диабетінің, остеопороздың және қатерлі ісік ауруларының алдын алу, қоршаған ортаның зиянды факторларына жақсы төзімділік, дененің жоғары физиологиялық өнімділігі, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет.

Дұрыс тамақтанудың 4 ережесі:

1. Диетаны сақтау, атап айтқанда, күніне 4 рет тамақтану, тамақтану ара- сындағы аралық 4-5 сағат болып, тамақ бір уақытта болуы керек. Дұрыс тамақтану соңғы тамақтың (кешкі ас) ұйқыға дейін 2 сағаттан аспайтынын білдіреді.

Диетаның жеткілікті калориялылығы, ал тұтыныла-

Санобар БЕКМҰРАТОВА,
Гүлбахар ОРАЗЫМБЕТОВА,
Қарақалпақстан Республикасы “Тақиматас Қарттар мен мүгедектігі болған тұлғалар, соғыс және еңбек ардагерлері” санаторийінің медбикелері.

Су — тіршілік көзі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚТЫ АЛДЫ

Жуырда Малайзияның Куала-Лумпур қаласында 4-Дүниежүзілік ирригация форумы және Халықаралық Ирригация және дренаж комиссиясы Атқару комитетінің 76-отырысы өтті. Форум әлем елдерінің жетекші сарапшыларын, халықаралық қаржы институттары мен ғылыми қауымдастықтың өкілдерін біріктіретін халықаралық су ресурстарын басқару саласындағы ең ірі шаралардың бірі болып табылады.

Шараға Малайзияның Ауыл шаруашы- лығы және азық-түлік қауіпсіздігі министрі Мухаммад бин Сабу, Халықаралық иррига- ция және дренаж, Халықаралық ирригация және дренаж комиссиясының Президенті Марко Арчиери, Бүкіләлемдік су Кенесінің Президенті Лоик Фашон, Су ресурстарын басқару халықаралық институтының Пре- зиденті Хенк Овинк сияқты түрлі елдердің су шаруашылығы министрлері мен ұйым басшылары қатысты.

Су шаруашылығы министрінің орынбаса- ры З.Ишпулатов бастаған Өзбекстан деле- гациясының қатысуы еліміздің әлемдік су ресурстарын басқару аренасына ықпалы мен белсенді қатысуын тағы бір паш етті.

Форум аясында ұйымдастырылған зама- науи су технологияларының көрмесі деле- гаттарға озық шешімдер мен жаңа техни- қаларды ұсынды. Атап айтқанда, энергия үнемдейтін сорғылармен, цифрлық басқару жүйелерімен, су тұтынуды есепке алу- дың инновациялық жабдықтарымен таныс- ты. Бұл тәжірибе Өзбекстанның ирригаци- ялық жүйелерін жаңғыртуда іс жүзіндегі ма- нызы бар екені атап өтілді.

Форумның бірінші күні жалпы жиналыс өтті. Онда ирригация, азық-түлік қауіпсіздігі және су ресурстарын үнемдеудің жаһандық

маңыздылығын қарастырылды.

Жоғары деңгейдегі мәслихат топ жина- лысында мемлекет басшысының бастама- сымен Өзбекстанда жүзеге асырылып жат- қан реформалар мен оның нәтижелері ту- ралы ақпарат берілді. Су кодексі мен 2025-2028 жылдарға арналған Су ресурста- рын басқару мен ирригация саласын да- мыту бағдарламасы жана жетістіктерге се- бепші болатыны айтылды.

Жуырда Су шаруашылығы министрінің орынбасары З.Ишпулатов Харықаралық ирригация және дренаж комиссияның бас хатшысы Ракеш Кумар Гуптамен кездесу өткізді. Сұхбат барысында Өзбекстан мен комиссия арасындағы ынтымақтастықты нығайту, халықаралық жұмысшы топтары- на мамандарды тарту, су шаруашылығы нысандарын жаңғырту жобаларын халықа- ралық қолдау мәселелері талқыланды.

Форум аясында Дүниежүзілік банк өкіл- дерімен екіжақты келіссөздер жүргізілді. Онда суды үнемдейтін технологияларды қаржыландыру, сорғы станцияларын жаң- ғырту, климаттың өзгеруіне бейімделу мәселелері талқыланды.

Өзбекстандағы екі канал — “Дустлик” және “Эски Туятортар” беделді “WHIS AWART 2025” (Дүниежүзілік ирригация мұра-

сы) сыйлығымен марапатталған еді. Бұл сыйлықты Халықаралық ирригация және дренаж комиссиясы тарапынан жасы 100 жылдан асқан және әлі де пайдаланылып жатқан бірегей суару нысандарына береді.

Сырдария өзенінің алабында 100 жыл- дан астам уақыт бойы “Дустлик” каналы тұрақты жұмыс істеп келеді. Бұл Өзбекстан мен Қазақстан аумағы арқылы өтетін ірі трансшекаралық магистральдық канал. “Эски Туятортар” каналы Зарафшан өзені жүзіндегі көлгасырлық құрылыс. Бұл өз заманында алға қойылған гидротехни- қалық идеяларды ауқымы жағынан да, техни- қалық шешімдері жағынан да көрсететін бірегей ескерткіш.

Қазіргі уақытта дүниежүзінде 177 құры- лым Халықаралық ирригация және дренаж халықаралық комиссиясының “Дүниежүзілік мұра суару құрылыстарының тізіліміне” ен- гізілген.

Бұл тізімге Орталық Азия өңірінен бірінші болып “Дустлик” және “Эски Туятортар” каналдары енді.

Жуырда өткен Халықаралық ирригация және дренаж комиссиясы Атқару комите- тінің 76-жиналысында “Дустлик” және “Эски Туятортар” каналдарына “WHIS AWARD 2025” марапатын табыстау рәсімі өтті.

Бұл арналардың тек аймақтық ғана емес, дүниежүзілік маңызы бар суару мұрасы екені баса айтылып, оларды сақтау мен заманауи технологиялармен ықпалдасты- рудың маңыздылығы айтылды.

Өзбекстан Республикасы Су шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Өнеркәсіп

АШЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Кез келген ұжымда немесе жұмыс орнында басшылық пен жұмысшы-қызметкерлердің арасында ашық байланыстың болуы жұмысшы-қызметкерлердің арасында еркін қарым-қатынас пен байланысты нығайтады. Бастысы, жұмыс өнімділігін арттыруға, салауатты органы қалыптастыруға түрткі болады.



Алмалық кен-металлургия компанияна қарасты “Олма- ликметаллургуриллиш” трестін- де де жауапты басшылар мен жұмысшы-қызметкерлердің ара- сында жоғарыда айтқандай, тұрақты түрде байланыс жолға

қойылған. Өздерінің айтуынша, мұндай ашық байланыстар ұжымда жайлы ортаны қалып- тастырады, ұжымның ауызбірлі- шыгін қамтамасыз етеді.

Сондай ашық байланыс жуыр- да кәсіпорынның бас инженері

Д.Дусимқұлов, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлі- мінің басшысы Д.Холбоев және жастар одағының төрағасы Ж.Алижоновтардың қатысуымен өтті.

Ашық байланыс түрінде ұйым- дастырылған кездесуде “Ковул- ди” кенінің жана алтынды іріктеу фабрикасының құрылыс істеріне қатысып жатқан 120 жас пен жұмысшы-қызметкер қатысты.

Кездесу барысында жұмыс- шы-қызметкерлер мен инженер- лерге құрылыс барысында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарына толық мойынсұну бойынша ұсыныстар берілді. Сондай-ақ жауапты өкіл- дер құрылысшыларға жасалған жағдайды үйрену барысында құрылыс істерін нәтижелі атқару бойынша қажетті нұсқаулар мен тапсырмалар берді.

Ж.Алижоновтың жастардың жұмыстан тыс бос уақытын ти- імді өткізу мақсатында онлайн білімпаздар тесті мен түрлі кәсіптік шеберлік байқауларын ұйымдастырып жатқанын, оған жастарды белсенді қатысуға шақырды. Сондай-ақ алтын ірік-

теу фабрикасының құрылысын- да жұмыс істеп жүрген, өзінің белсенді еңбегімен көпке, әсі- ресе жастарға үлгі болып жүр- ген сала өкілдері мен жастар комбинаттың тарихи оқиға- ларында қатысып, жасампаз- дық жолындағы бүгінгі қаһарман екенінтілге тиек етті.

Ашық байланыс сұхбатында тресте жас басшылардың орта- сын кенейту үшін “Болашақты кадрлар резервіне” лайықты жастарды тандап алу мақсатын- де “Ұстаз шәкірт” дәстүрі бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны да айтылды. Жастарға тәжіри- белі сала өкілдері тарапынан құрылыс саласында қажетті ұсы- ныстар мен дағдылар жеткізілді.

Сонымен қатар ашық байла- ныс барысында жауаптылар қазірде елімізде жастарға жа- салған жеңілдіктер мен мүмкін- діктер туралы да тоқталып өтті. Шара барысында жұмысшы-қыз- меткерлер өздерін қызықтырған сұрақтар бойынша жауаптылар- дан жан-жақты мәлімет алды.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ауыл шаруашылығында

ҚАНДАЙ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНҒАН ПАЙДАЛЫ

Раушан гүл бақшаны, үй айналасын әсем де сәнді етіп көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар хош иісімен адамның көңіл күйін көтереді. Раушанның келесі сұрыптары кеңінен таралған: Қара магия, Папиллон, Бургундия, Сальвадор, Кулин Елизавета, Московский, Президент, Анжелика.

Раушан көшеттерін дайындау

Жаздың ортасында жартылай піскен бұршіктерді жинап, бұршіктерін кесіп, топыраққа құммен араластырып көміледі. Көмгеннен кейін 3-4 күн бойы су шашы- лады. 15-20 күннен кейін көмілген бұршік- тер құмнан алынып, жайылып, кептіріледі.

Кептірілгендерін електен өткізіп, құмнан бөліп, мата қапқа салып, көлең- кеде және құрғақ жерде сақтайды. Но- ябрь айында раушанның тұқымдары қалыңдығы 25-30 сантиметр ылғалды құммен араластырып көміледі. Оларды 5-10 мартта құмнан қазып, електен өткі- зіп, 10-15 мартта себеді.

Егілген тұқымдар 20-25 күн ішінде өніп шығады. Олар май айының ортасында же- гене жасап жұқартады. Көшеттер егу уақытына дейін күтіледі. Егу үшін сау, піс- кен раушан бұршігі таңдалады. Бұршік гүлден 20-25 сантиметр төмен қалдырып, кесіледі.

Кесілген бұтақтың жоғарғы жұмсақ бөлігі де кесіліп, жойылады. Қалған сау бұтақтан бұршік алынып, гүлдің дініне егі- леді. Егілгеннен кейін 20-22 күннен кейін бұршік шығып, бірте-бірте дамиды,

бұтаққа айналады және 9-10 ай ішінде ал- ғашқы гүлін береді.

Раушандарды отырғызу үшін қандай жер мен топырақты таңдау керек?

Раушан гүлі үшін бөлінген аумақ тегіс болуы керек. Егістік алқабы күзде дайын- далады. Органикалық тынайтықштар 20-30 сантиметр тереңдікте енгізіледі және жыртылады. Топырақ тазартылады, арамшөптерден тазартылады және жүйек алынады. Олар қысқа, биіктігі 20-25 сан- тиметр, ені 70 сантиметр болуы керек. Отырғызу алдында егістік алаңы суары- лады. Көшеттер 70х60 сантиметр және 70х70 сантиметр үлгіде отырғызылады.

Дайын раушан гүлдері базарда әрқа- шан жоғары бағаланады. Олар маусым- да миллиондаған табыс әкелетіні сөзсіз. Тек сақтау кезінде ылғалдылыққа, қалып- ты температураға және жәндіктерге абай болу керек. Раушандар ылғалдылықта өз сапасын сақтай алады. Гүлдерде су ша- шып тұруды ұмытпаңыз.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Жылы лебіз

ЖҰМАҚТАН БІР ШЫМШЫМ

Кейде адам түн қараңғысында да жол таба алады. Сол жол адамды бір есікке әкеледі және есіктен кірген бойда адам мүлдем басқа адамға айналады.

Өмір кей сәттерде сені көз жасыңнан тартып, кейде күлкіңнен қуат алып көкке ұшырғандай болады. Адам өмірінде үмітсіздіктің желі мен шүкіршіліктің нұры да болып тұрады. Бір кездері мен де өмірдің ауыр сынына тап болдым, науқастық мені әбден шаршатып, жүрегіме өзін ауырлығын түсірді. Айналада қуанышты сәттер болса да, көңіліме сыймайтын, бар нәрсе қызығушылығым сөнген сияқты еді.

Дегенмен уақыты келіп, тағдыр мені жаңа жолға бастады. Өмірімде жаңа кітаптың ашылғандай, жақсы есте қаларлық күн болды. 2024 жылдың 1 апрелі, таңғы уақыт болатын. Мен бір есіктен жанына тоқтадым. Қарапайым есік болғанымен, мен үшін сол есіктен ішке кіру, жана өмірге қарай адымдаумен тең болды. Ондағы адамдар мені жақсы қабылдап, барынша жылы шырай танытты. Мұндағы ортаны көріп, жылулықтан көңілімде көптен бері болмаған сезім оянды: үміт. Міне сол үміт маған күш берді. Сол кезде мен жұмыс орнының есігіне емес, жұмақтың бір бөлігіне қадам қойған екенімді аңғардым.

Бұл — “Янги Узбекистон” газеті еді. Бастапқыда жұмысты елтей алам ба деген күдік болды. Өйткені адамдармен сұхбаттасуға ауырсындым, оның үстіне сырқаттықтан қалған ауыртпалықтар да бар еді. Дегенмен редактордың мейірімділігі, жылы жанары, әріптестердің шынайы қарым-қатынасы біртіндеп санамды жаулаған қараңғылықты сейілет бастады. Бұл ұжым мен үшін жұмыс орны ғана емес, көңілім үшін де демеу мен ем болды десем, қателеспеймін.

Мұнда адамдар бір-бірімен тек жұмыс бойынша ғана емес, адамилық тұрғыдан да қолдау тауып отырады екен. Кімнен көмек сұрасаныз, өз жұмысын шетке ысырып қойса да, саған жәрдем беруге тырысады. Бір қызығы, олар менің сол кездегі ауруымды білмейтін еді. Ал олардың шынайылығы, өлшеусіз мейірімі, менің қайта өмірге қайтуыма түрткі болды.

Ұжымда өзіндік ерекшелігі бар үрдістер бар. Әр қызметкердің туылған күні мерекедей атап өтіледі. Редактордың басшылығында бүкіл ұжым жиналып, туылған күн иесіне жүрекжарды тілектер айтылады, естелік сыйлықтары тарту етіледі. Ал жұмыста үлкенді-кішілі жетістікке қол жеткізген қызметкерлер үлкен мақтанышпен, қуанышпен тілге алынады. Бұдан тыс, аптаның әр сенбесінде бүкіл ұжым спорт залына баруы тиіс. Онда бас редактор мансабының да немесе қарапайым жүргізушінің де міндетінің маңызы болмайды. Яғни бәрі бірдей, бір қатарда спортпен шұғылданады.

Көптеген ұйымдар мен мекемелерде қызметкерлер жұмыс уақытының аяқталуын асыға күтіп, “тезірек үйге қайтсам” дейді. Ал мен мұнда үйге асықпаймын. Себебі бұл жер мен үшін күнделікті жұмыс орны ғана емес, үлкен бір отбасы. Бұл отбасындағы бір адамның қайғысы мен қуанышы да баршаныкі. Бірінің басына іс түссе, бәрі жұмылып, көмектесуге асығады.

Әрине әр ұжымда кемшіліктер болады. Бәлкім бұл жерде де кемшілік бар шығар. Дегенмен әлі мұндай кері қарым-қатынасты көргенім жоқ. Бәсекелестік бар ма? Иә, бар. Бірақ ол тек өсуге, үйренуге, жақсылыққа қызмет етеді.

Газетіміздің өзіндік иісі бар. Мен үшін бейне бір жұмақтың бағындағы аңқып тұрған гүлдің иісіне ұқсайды. Сол иісте мен өзімді таптым, нанымды да, орнымда да таптым. Мұнда мен дос-жаранымды, аға-әпкелерімді жолықтырдым.

Ташкент — нан қаласы

НАН БОЛСА ӘН ДЕ БОЛАДЫ

Еліміздің астанасы Ташкент туралы ой шертуге себеп көп. Соңғы кезде жасарып, жаңарып, өсіп-өркендеп бара жатқан қаланың даңқы, беделі тек мемлекетте ғана емес, көршілес елдерде, халықаралық деңгейде де тарихи және мәдени жетістіктерімен алғы шептен көрінуде.

Бұған мысал, құрылып жатқан көкке бой созған ғимараттар, саналуан саябақтар, заманауи спорт кешендері, тұрғын үйлер, сауда және бизнес орталықтары, әуежай, вокзал, медициналық-емдеу кешендері, кітапхана, концерт залдары, мейманхана, жоғары оқу орындары, мектеп, балабақшалардың жана көріністе қалаға сан беріп жатқаны.

Бас қаламыз — Ташкенттің атағы гасырлар бойы кең тарап, соғыс, ашаршылық, жоқшылық дәуірлерде де көп халықтардың басқа елдің өкілдеріне бауырмалдық, достық, мейірімділік қундылықтарын көрсете отырып, қиын-қыстау кезеңдерде қолдау-қуаттап келген. Жазушы Александр Неверовтың “Ташкент — нан қаласы” атты повесінде кейіпкердің ерлігі әңгімеленеді. 1920 жылдары өспірім Миша Дадонның Самара облысының, Бузулук аймағында ашаршылық кезінде отбасын, елін, мекенін ашаршылықтан сақтап қалу мақсатта қаржысыз, аштыққа, жоқшылыққа, жолдағы қиын-қыстау кездеріне шыдап, досынан айрылып, Ташкенттен дән, нан алып қайтуға аттанған. Оның қиыншылықтарына



рға қарамай, ақыры мақсатында жетіп, еліне Ташкенттің дәнін-нанын алып барып, далаға қадап, астық жинап, қауымын ашаршылықтан сақтап қалғаны еліміздің, сүйікті қаламыздың кенпейілдігі мен бауырлығын, өзге жұртқа қамқорлығын аңғартады емес пе?

Бұл халқымыздың нанды қастерлеп, ардақтап жүргені әр шаңырақтың дастарқаны төгіп-шашын болғаны емес пе? Сол оқиғаларға гасырдан астам дәуір өтсе де, өзінің мәңгілігін жоғалтпаған болып, өзбек халқының нанды, дәнді, көпкөсір дастарқанымыздың қадірлеп қасиетіне, түрлі ұлт өкілдерін құрметтеп, оларға кенпейілділігін білдіре отырып, достық қарым-қатынастарда болуына жол ашып келетін себептерінің бірі болатын.

Сезім

ШЫН ДОСЫМДЫ САҒЫНДЫМ

Декабрь айының соңы еді, дала ызғырын жел, суық денені түршіктіреді. Ташкенттен Қарақалпақстанға Жаңа жыл сылтауымен қайттым. Автобус пен үйге барар жол дерлік екі күн. Ал үйім болса Қоңырат ауданының жоғары жағында қоныс тапқан Раушан ауылында. Картадан көрген адам Ташкенттен үйіңе дейінгі қашықтық Өзбекстанның ана басынан мына басына дейін екен ғой деп таңданып.

Үйге аман-есен жетіп барып, жайғасып болғанымнан кейін бірінші ісім досымды еске алып, оның отбасынан хабар алу болды.

Онда барғанымда менің екінші анам боп қалған Кенжегүл апа мені көріп көзіне жас алды. Бұл ананың жүрегінде не етіп жатқанын мұңға батқан кездері айтып тұр еді. Бұл кездесу маған ауыр басты. Дастарқан басында отырып Құран оқып, қал-жағдай сұрап болғаннан соң, жәймен әулиеге қарай бет бұрдым.

Досым жатқан қорымға барып Құран бағыштағаннан кейін, қабірдің маңайында тұрған орындыққа отырып, ойға баттым... Досым Нұрболат бала кезінен бірге өскен, мектепті де бірге бітірген сыныптасым еді. Ауылымыздың көпшілік адамдары Нұрболатты дауысы әдемі, құлаққа жағымды әнші ретінде танытты. Одан бөлек сыныбымыздағы ең ақылды, сөзге шешен, пысық, суретті жақсы салатын және әртүрлі музыкалық аспаптардың құлағында ойнайтын таптырмас талант иесі еді. Бастауыштан бастап колледжді бітіре дегенге дейін бірге жүріп, бірге өстік. Оқу кезінде оқуда, жазда болса мал бағуда, отын шабуда бірге болатынбыз.

Ой түрткі

ӨЗ ҚАТЕМІЗДІ ӨЗІМІЗ ДҰРЫСТАЙЫҚ

Соңғы кездерде ауылдастар, достар, таныс-біліс, сыныптастар, ағайын-туыс арасында да жағымсыз әдет — бірін-бірі мерекеге, той-думанға немесе әртүрлі отбасылық жиынға шақырмай қойғаны, содан кек сақтап, жағымсыз әрекеттер көп көзге түсе бастады.

Мұның басты себептерін сұрасаныз, жауабы таңғалдырады. “Ол кісі мені пәлен жиынына қонаққа шақырмаған ғой, мен қалай оны қонақ етіп, жылы лебіз білдіремін, мен ол адамнан кем жерім бар ма, кім болыпты ол?” деген сөздерді естисіз. Тағы да бұл сырқат ежелден өзі ұнатпайтын, алдын бір себептермен келісе алмай жүрген, орталарында ұнамсыз оқиғалар болып өткен кісілерде, сөз таласып қалғандар, түрмыс жағдайы нашарлау, ауыл немесе жұртшылықта жоғары мәртебеге, беделге ие болмаған отбасы мүшелері, құлқы мен әдебі төмен дәре-

желе деп есептелетін кісілер, қала берсе, түрлі себептермен ажырасып кеткен жанұялар, құдалар, бірін-бірі дұшпан деп санайтын жандар ортасында да, соңғы уақыттарда ағалы-неілер, әпкелі-сіңлілер арасында да осы жағымсыз әдет пайда болған.

Ел арасында “Таспен ұрғанды аспен ұр” деген нақыл сөз босқа айтылмаған. Бұл “алтын сөздер” гасырлар барысында өзінің туралығын, тек “қарсылас” жақтарға емес, басқа да адамдарға пайдалылығын дәлелдеп келеді. Мұның мәңгілік мағынасы терең. Себебі, мен-сінбеу, жамандық, дұшпандық жасаған кісіні аспен, жылы лебізбен сыйласаныз, ол кісінің сізге деген қарым-қатынасы, ой-пікірі жақсы тарапқа өзгертін, өзара қатынас жылы түсетін, сосын бұл қимылыңыз ол жаңа үлгі ретінде де әсер ете, ұялтыра отырып, оның бойында кешірімділік, мейірімділік сезімдері оятады. Сол мақсатта алғаш қадам қойған жанда мұның дәл мәнін түсіне жету үшін кең пейілділік, кешірімділік, әрбір жанды өзіндей көріп, құрметтеу қасиеттері дамыған болуы қажет. Тағы да дауласып жүрген екі жақтың жарасуы үшін осылай алғаш қадам қойған тұлғаның көңілі кең, кешірімділігі сауапты іске жатпай ма?

Кейде ауылдағы жағдайды аңғарсаңыз, кейбір той-думан иелері хабаршыларға пәленшеге хабарлау, түген-шәні шакырма, дегенін байқап қалсаңыз, сосын айтылмаған кісілер өзінің жұрт көзіндегі шамалы сол жиын иесіне қарағар пікір айтады, бұл да олар арасындағы өзекті мәселеге айналуы мүмкін.

Біз де тағы бір жағымсыз әдет болатын, ол да болса, ол кісі менің жиынымға келмей, (оның себептерін анықтамай-ақ) мен де дастарқанымды мен-сінбей маған құрметсіздік білдірген, еңдеше мен де оның той-жиынына қадам баспаймын дейтін кері тартпа қорытындылар болатын. Мұндай әрекеттерде сол екі тұлға арасында келіспеушілік, бірін-бірі түсінбеушілікке, бара-бара өзара қайшылыққа алып келетін, себебі бір жақ ауылдағы екінші жақты немесе көпшілікті өзінің жақсы ниетпен жасаған той-думанға, мерекеге немесе құдай жолына істелетін шараларға қонаққа шақырмаса, ол тараптар арасында лезде жағымсыз пікірлер айтылып, ол кісіден теріс айналады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ
Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3697

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылдамайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сөйкес келе бермейтінді ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

Кезекші редактор:
Айгүл ТЕШЕБАЕВА

Беттеуші-дизайнер:
Қайсар РАХМАНОВ

nurlitj2022@umail.uz

Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1026.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 20.30 1 2 3 4 5 6